

**«Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихы» пәні бойынша
дәрістердің қысқаша мазмұны**

**МОДУЛЬ I
ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ
ЖАҢА ТАРИХЫ**

Дәріс № 1.

Тақырып: Кіріспе. Курстың пәні мен міндеттері. Қазіргі тарихы мәселелерін зерттеу мақсатындағы әдістемелік ізденіс.

Мақсат: Курстың мақсаттары мен міндеттері, мазмұнымен таныстыру.

1 апта, 2 сағат

Тірек сөздер: Еуропа және Америка елдерінің тарихы. Жаңа кезең түсінігі. Қазіргі заман кезеңі түсінігі. Тарихнамалық шолу.

Курстың мақсаттары: Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі тарихының негізгі тарихи үрдістері мен құбылыстарын зерттеу; Курстың қорытындысы болатын білім мен дағдылардың жиынтығы шет мемлекеттердің объективті, ғылыми тұрғыда дәйектелген тарихи талдауын қамтамасыз ететін теориялық негіз болып табылады. Курсты оқу барысында жаңа және қазіргі кезеңнің тарихи құбылыстарын бағалаудың қағидалары қарастырылады. Курстың мазмұны семинарлық тапсырмалармен толықтырылған.

Курс міндеттері:

- студенттердің Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі заман тарихының негізгі мәселелерін талдауда қажетті білім мен дағдыларға ие болу;
- Батыс мемлекеттерінің даму заңдылықтары мен себеп-салдарлық байланыстарын анықтау;
- мемлекеттердің ішкі және сыртқы саясатының өзара байланысы мен ықпалын түсіну; жаңа және қазіргі кезеңдегі Еуропа және Американың жекелеген мемлекеттерінің даму ерекшелігін анықтау;
- Еуропа және Америка елдерінің жаңа және қазіргі кезеңдегі саяси-әлеуметтік, экономикалық даму ерекшеліктерін талдау.

Жаңа заман кезеңі XVI ғ. ағлышын буржуазиялық революциясының басталуымен байланыстырылады. Қазіргі заман кезеңі бірінші дүниежүзілік соғыстан бастап қарастырылады.

Сұрақтар:

1. Курстың мақсаты мен міндеттері.
2. Курстың құрылымы.
3. Тарихты талдауда «жаңа заман» мен «қазіргі заман» кезеңі тұрғысынан қарастыру.
4. Курс бойынша пайдаланылатын әдебиеттер мен деректер.

Дәріс № 2.

Тақырып: Дәстүрлі қоғамның дағдарысы (XVII ғ. ортасы – XVIII ғ. ортасы).

Мақсат:

2 апта, 2 сағат

Тірек сөздер: дәстүрлі қоғам дағдарысы, Ағылшын буржуазиялық революциясы, Батыс Еуропаның XVII ғ. ортасы – XVIII ғ. ортасындағы дамуы.

XVII ғ. ортасы жаңа заманның басталуына әкелді. Бұл кезеңде ірі саяси өзгерістер орын алды. Ең алдымен, дәстүрлі қоғамның дағдарысы әр түрлі: экономикалық, әлеуметтік және саяси салада көрініс тапты. Экономикалық салада жаңа капиталистік күштер мен феодалдық күштер арасында қақтығыс туындады. Әлеуметтік салада буржуазия табы пайда болды, олар қоғамда басым рөлге ие болуға ұмтылды. Саяси

дағдарыс: абсолютизмнің құлдырауында және революциялық қозғалыстардың өршуінде көрініс тапты. Мысалы Англияда бірінші Стюарттардың билігі кезінде абсолютизм мен парламенттік оппозицияның арасындағы қақтығыстың күшеюімен сипатталды. Францияда король билігі мен парламент арасындағы қақтығыстардың пайда болуымен сипатталды. Дағдарыстың басталуы Еуропада Англияда, ілесе Францияда революциялардың пайда болуына әкелді.

Ағылшын буржуазиялық революциясында пуританизмнің ықпалы болды. Англия ХҮІІ ғ. Еуропаның қуатты мемлекетінің бола отырып белсенді сыртқы саясат жүргізді. Дегенмен елдің ішінде шешімін күтіп тұрған күрделі мәселелердің реттелмеуі, дағдарыстарға әкеліп соқты. Бұл дағдарыс 1639 жылы ағылшындар мен шотландтықтар арасында соғыстың басталуына әкеліп соқты. Пуританизмнің 2 негізгі бағыты: индипенденттер мен пресвитериандар болды. Францияда революция Бастилияның алынуынан басталды. Бас штаттардың құрылуы мен король билігі мен парламент арасында қақтығыс пайда болды.

Сұрақтар:

1. ХVІІ ғ. ортасы–ХVІІІ ғ. ортасындағы Батыс Еуропадағы дәстүрлі қоғам дағдарысы қай салаларда көрініс тапты?
2. Ағылшын буржуазиялық революциясының себептері қандай?
3. Пресвитериандар және индипенденттер деген кімдер?
4. Өнеркәсіп төңкерісі дегеніміз не?

әдебиеттер:

1. Исова Л.Т. Еуропа және Америка елдерінің жаңа заман тарихы (1640-1815). – Алматы, 2005.
2. Новая история стран Европы и Америки: В 2-х кн./Под ред. Е.Е.Юровской и И.М.Кривогуза. М., 1997.
3. Новая история стран Европы и Америки: Учеб. для вузов/Под ред. И.М.Кривогуза. 2-е изд., перераб. и доп. М., 2002
4. Хрестоматия по новой истории. В 2 т. – М., 1963-1965.

Дәріс № 3.

Тақырып: ХVІІІ ғ. аяғы – ХІХ ғ. бас. Батыс өркениеті.

3 апта, 2 сағат

Мақсат: Еуропа өркениетінің дамуындағы ерекшелікті анықтау. Азия және Африка аймағына өз отарлық тәртіптің орнау жолдарын көрсету. Ағартушылық қозғалыстың рөлін талдау.

Тірек сөздер: метрополия, географиялық ашылулар, отарлар, нарық, шикізет, эксплуатация, тыскары территориялар мен иеліктер, отарлық экспансия, ағарту қозғалысы.

Еуропа тарихы ұзақ жылдар бойы ғаламдық деңгейде екі дүниежүзілік соғыстың шығуына себеп болған және ұшы қиыры жоқ аймақ ретінде қарастырылып зерттелді. Бірақ бұл тарихи оқиғалар сөзсіз адамзат тарихында орын алған қасіретті оқиғалар болғанымен Еуропаның жетекші елдері арасындағы болашақ ынтымақтастық пен диалогқа негіз қалауға да өз себін тигізді. Отарлар үшін күрес бірінші дүниежүзілік соғыстың шығуындағы басты себептердің бірі болса, отарлық жүйенің ыдырауы және деколонизация үрдісінің басталуы еуропалық мемлекетердің Екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі ұжымдық дипломатиясының белсенді қызмет танытқан объектісіне айналды.

Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Англияның отарлық саясатындағы негізгі мәселе Британдық отарлық иеліктерді сақтап қалу болды. Англия екінші дүниежүзілік соғысқа дейін Африка құрлығында 18 отарды иемденді. Олар: Батыс Африкада- Нигерия, Алтын Жағалау (Гана), Камерун, Того, Гамбия, Сьерра-Леоне; Шығыс Африкада- Кения,

Танганьика, Уганда, Занзибар және Пемба, Сомали, Судан; Оңтүстік Африкада-Свазиленд, Басутоленд, Бечуаналенд болды. Англия бұлардан өзге Тынық Мұхиты мен Кариб теңізі бассейнінде бірқатар отарлық иеліктерді иемденді. Ағылшын отарлық жүйесінің ыдырауына, әсіресе, оның жоғарыда аталған Африкадағы иеліктеріндегі ұлт-азаттық қозғалыстар үлкен әсер етті.

Бұл дәуірдің көрнекті өкілдерінің бірі ағылшын ойшылы Томас Гоббс (1588 – 1679) еді. Оның ойынша, мемлекет қоғамдық келісімнің негізінде жалпыға бірдей бейбіт өмір мен қауіпсіздікті сақтау үшін пайда болды. Қоғамдық келісім бойынша патшаға (не мемлекет ұйымдарына) жеке адамдардың құқы тапсырылады. Адамдар өз тілектері мен еріктерін шектеп, барлық билікті мемлекетке берді. Ол монархиялық мемлекетті ұнатты. Франциядағы буржуазиялық революцияның көрнекті өкілі Шарль Луи Монтескье (1689 – 1775) әр халықтың адамгершілік бейнесін, оның заңдарының айырмашылығын, қоғамның дамуын географиялық ортаға (ауа райына, топырағына, жер бедеріне, көлеміне, т.б.) байланыстырды. Бостандық – заң неге ерік берсе, соны істеу. Саяси бостандық экономиканың, өндірістің сауданың дамуына әсер етеді. Ол сөз, баспасөз, ұждан бостандығын жақтады. Мемлекет азаматтарды өмірге қажетті қаражаттармен қамтамасыз етуге міндетті. Бостандықты баянды ету мақсатында және төңкерістерге жол бермеу үшін билікті заң шығаратын, атқарушы және сот билігі етіп бөлу керек деді.

Францияның ойшыл – ағартушысы Жан Жак Руссо (1712 – 1778) ұсақ буржуазияның, шаруалардың мүддесін қорғады. Ол еркіндік пен теңдікті ең жоғарғы игілік деп санады. Еркіндіктің кепілі теңдік, ал теңдік саясатта ғана емес, мүлікте де болуға тиіс. Мемлекет шектен тыс байлық пен кедейлікке жібермей, адамдар арасында теңдікті сақтауы керек. Руссо тікелей халық билігін ұсынды. Егер елдің жері үлкен болса, халықтың өкілдігін қолдануға болады. Бірақ бұл ретте депутат халық қызметшісі болуға тиіс. Руссо оқтын – оқтын халық жиналысын өткізіп, онда үкімет есеп беруін талап етті. Жаңа заманды сөз еткенде ең алдымен Америка Құрама Штаттарындағы тәуелсіздік үшін күрес кезіндегі саяси ілімнің алатын орны зор. XVII – XVIII ғасырларда Солтүстік Американың Атлантикалық жағалауы Британия колонияларына айналды. Колониялар метрополиялардан толық тәуелді болатын. 1775 – 1783 жылдары Америка халқының ағылшындарға қарсы тәуелсіздік үшін азаматтық соғысы болды. АҚШ-тағы қиян – кескі таптық күрес идеологияда да жаңғырық тапты. Алдыңғы қатарлы саяси пікірді Т.Джефферсон, Т.Пейн жақтаса, ірі буржуазияның саяси көзқарасын А.Гамильтон қорғады.

Сұрақтар:

1. Мануфактуралық капитализм. Нарық шекараларының ұлғаюы.
2. Отарлық экспансия және әлемдік отаршыл империялардың қалыптасуы.
3. Өндірістік капитализм және индустриальды өркениет. Капитализм мен индустриальды қоғам тұсындағы өркениеттің хронологиялық шектері және фазалары.

әдебиеттер:

1. Новая история стран Европы и Америки. Первый период. – М., 1998.
2. Новая история стран Европы и Америки. Второй период. – М., 1998.
3. Новая история 1871-1917. – М., 1984.
4. Хрестоматия по новой истории. В 2 т. – М., 1963-1965.
5. Юровская Е.Е. Практикум по новой истории (1870-1918). – М., 1974.
6. Виргинский В.С. Очерки истории науки и техники XVI-XIX вв. - М., 1984.

Дәріс № 4.

Тақырып: XIX ғ. бірінші жартысындағы Еуропа елдері.

4 апта, 2 сағат

Мақсат: XIX ғ. бірінші жартысындағы Батыс Еуропа елдерінің дамуын талдау.

Тірек сөздер: өнеркәсіптік төңкеріс, индустриалдық қоғам, жұмысшы табы, Вена жүйесі.

1815 жылдың 8-маусымында Вена конгресінің актісі бойынша герман ұлтының Қасиетті Рим империясының орынына Герман Одағының құрылғаны белгілі. Одаққа 35 ерікті монархия мен 4-ерікті қала-Гамбург, Бремен, Любек және Майнадағы Франкфурт кірді. Майнадағы Франкфуртте өз отырысын өткізетін Одақтың өкілетті орган – бундестаг- мемлекеттердің өкілетті өкілдерінен тұрды да, үнемі Австриялық өкілдің төрағалығымен жұмыс жүргізген ол мықты бірлестік тұрпатында болмады.

1815-1848 жылдары герман мемлекеттерінде капиталистік қатынастар шапшаң дами бастайды. Пруссияда помещиктік шаруашылық буржуазиялық, юнкерлік сипатқа жылдам алмасып, мұнда жерсіз батрактар мен жер үлесі аз шаруалар еңбегін пайдалану жүзеге асады. Жеке мемлекеттердің экономикалық бірігуіне маңызды қадам 1834 жылғы Пруссияның ұсынысымен жасалған Неміс кедендік одағының ықпалы артты.

Ұлыбританияда өнеркәсіптік төңкеріс XVIII ғасырда болды. Англия «әлем шеберханасы» деп аталды. Ғылыми-техникалық жаңалықтар пайдаланыла бастады. Бу машинасы т.б. қол еңбегінен машина еңбегіне көшуге мүмкіндік берді. XIX ғ. басында Еуропаның көптеген мемлекеттері индустриалдық қоғамға өтті. Негізгі екі әлеуметтік топ буржуазия мен жұмысшы табы қалыптасты. Германияда шілде дағдарысы. Еуропадағы 1848-1849 жж. революциялар: себептері мен барысы.

Сұрақтар:

1. Вена конгресінің шешімдері қандай болды?
2. Индустриалдық қоғам түсінігі.
3. Өндірістік капитализм және индустриалдық өркениет. Капитализм мен индустриалдық қоғам тұсындағы өркениеттің хронологиялық шектері және фазалары.

әдебиеттер:

1. Новая история стран Европы и Америки. Первый период. – М., 1998.
2. Новая история стран Европы и Америки. Второй период. – М., 1998.
3. Новая история 1871-1917. – М., 1984.
4. Хрестоматия по новой истории. В 2 т. – М., 1963-1965.
5. Юровская Е.Е. Практикум по новой истории (1870-1918). – М., 1974.

Дәріс № 5.

Тақырып: Индустриалдық қоғамға өтудің ұлттық үлгілері.

5 апта, 2 сағат

Мақсат: Батыс Еуропа елдеріндегі индустриалдық қоғамның қалыптасу ерекшеліктерін талдау.

Тірек сөздер: өнеркәсіптік төңкеріс, индустриалдық қоғам, чартистер қозғалысы, ғылыми-техникалық өзгерістер, жұмысшы тобының күшеюі.

Батыс елдерінде индустриалдық қоғамның қалыптасуы. Индустриалдық қоғам туралы пікірталастар. Франциядағы Бурбондар билігін қалпына келтіру. 1814 ж. хартия. А. Ришелье үкіметінің заңдары. Әлеуметтік-экономикалық даму. Индустриаландырудың ерекшеліктері. Француз либералдизмі. Әскердегі бонапартистік қозғалыс. Карбонарийлер.

1830 ж. шілде революциясы және билеуші әулеттің ауысуы. Билікке қаржылық аристократияның келуі. 1830 ж. хартия. Экономиканың дамуының ерекшеліктері. Лион көтерілістері. Саяси күрес және оппозицияның құрамы. Сайлау реформасы үшін күрес.

Әлеуметтік-экономикалық даму. Өнеркәсіптік төңкерістің аяқталуы. Халықтың әлеуметтік құрылымы. Саяси даму. 1832 ж. парламенттік реформа. Екіпартиялық жүйенің эволюциясы. Кедейлер туралы жаңа заң. Тред-юниондар туралы заң. Р. Оуэн. Оның ілімі және ағылшын жұмысшы қозғалысындағы рөлі.

Чартистік қозғалыстың негізгі кезеңдері. Лондон жұмысшыларының ассоциациясы. Ұлттық чартистік ассоциация. Чартизм және тред-юниондар. 10 сағаттық жұмыс күні туралы заң. Астық заңдарының жойылуы. Чартистік қозғалыстың жеңілуі, сипаты және

тарихи маңызы.

Германияның бытыраңқылығының сақталуы. Австрияның Герман одағындағы басшылық рөлі. Экономикалық дамуы. Кедендік одақ. Өнеркәсіптік төңкерістің ерекшеліктері. Пруссия мен Австрияның герман жерлерін біріктіру процесіндегі бәсекелестігі.

Сұрақтар:

1. Ұлыбританиядағы индустриалдық қоғам?
2. Индустриалдық қоғам түсінігі.
3. Өндірістік капитализм және индустриалдық өркениет. Капитализм мен индустриалдық қоғам тұсындағы өркениеттің хронологиялық шектері және фазалары.

әдебиеттер:

1. Новая история стран Европы и Америки. Первый период. – М., 1998.
2. Новая история стран Европы и Америки. Второй период. – М., 1998.
3. Новая история 1871-1917. – М., 1984.
4. Хрестоматия по новой истории. В 2 т. – М., 1963-1965.
5. Юровская Е.Е. Практикум по новой истории (1870-1918). – М., 1974.

Дәріс № 6.

Тақырып: XX ғ. бас. Батыс Еуропа және Солтүстік Американың жетекші мемлекеттері.

6 апта, 2 сағат

Мақсат: XX ғ. бас. Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкадағы мемлекеттерге тән ортақ үрдісті: мемлекеттік-монополистік капитализмді талдау, ішкі саяси-экономикалық дамуын және халықаралық қатынастарды талдау.

Тірек сөздер: индустриалдық қоғам, консерватизм, либерализм, социализм, анархизм, мемлекеттік-монополистік капитализм.

Батыс елдерінде индустриалдық қоғамның дамуы. Индустриалдық қоғам туралы пікірталастар. Экономикалық даму. Қаржылық-өнеркәсіптік капиталдың қалыптасуы. Еркін жұмыс күші рыногының қалыптасуы. Англиядағы 1906 ж. парламенттік сайлау және либералдардың жеңісі. XX ғ. басындағы әлеуметтік реформалар. 1911 ж. парламенттік реформа. Ирландияға берілетін гомруль мәселесі және конституциялық дағдарыс.

Франциядағы Өнеркәсіптік төңкерістің аяқталуы. Радикалдық кабинеттер, олардың ішкі және сыртқы саясаты. «Мильеранның казусы» және француз социалистік қозғалысының жіктелуі. Біріккен социалистік партияның құрылуы. Анархо-синдикализм.

Германиядағы жұмысшы және социалистік қозғалыс. Ф. Лассаль. Социал-демократиялық жұмысшы партиясының құрылуы. А. Бебель және В. Либкнехт. ГСДП Эрфурт бағдарламасы. Э. Бернштейн. ГСДП қатарында үш ағымның қалыптасуы. XX ғ. басындағы халықаралық дағдарыстар және Германияның оқшауланып қалуы. Ішкі саяси шиеленістің күшеюі. Елде саяси дағдарыстың пісіп-жетілуі.

Латын Америкасының XIX ғ. аяғы-XX ғ. басындағы қарқынды экономикалық дамуы. Шетел капиталы ықпалының өсуі. Аргентинадағы демократиялық қозғалыс. 1912 ж. сайлау реформасы. П. Диас диктатурасы. Бразилия республикасының құрылуы. Кофе өндірісі. Бразилияның жалғыз дақылдық экономикасының қалыптасуы.

әдебиеттер:

1. Новая история стран Европы и Америки: В 2-х кн./Под ред. Е.Е.Юровской и И.М.Кривогуза. М., 1997.
2. Новая история стран Европы и Америки: Учеб. для вузов/Под ред. И.М.Кривогуза. 2-е изд., перераб. и доп. М., 2002

3. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
4. Григорьева И.В. Новая история стран Европы и Америки. Начало 1870 - х годов - 1918 г. Учебник, МГУ,2001
5. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.

Дәріс №7.

Тақырып: Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайындағы батыс қоғамы.

7 апта, 2 сағат

Мақсат:

Тірек сөздер: Антанта, Үштік одақ, бірінші дүниежүзілік соғыс т.б.

XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы халықаралық қатынастар. «Үштік одақ» және Антанта: құрылу кезеңдері, қатысушылардың мақсаттары, ішкі қайшылықтары. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы жергілікті қақтығыстар. Бірінші дүниежүзілік соғыс алғышарттарының қалыптасуы.

Шілде дағдарысы және дүниежүзілік соғыстың басталуы. 1914-1918 жж. соғыс қимылдарының негізгі кезеңдері. Ресей әскерлерінің Оңтүстік-Шығыс майдандағы табыстары. Марна өзеніндегі, Верден түбіндегі және Соммадағы шайқастар. Германияның «қауырт соғыс» жоспарының күйреуі. Қарулардың жаңа түрлерін қолдану. Соғысушы елдердің экономикасын қайта құру. Еуропадағы Батыс және Шығыс майдандағы соғыс қимылдары. 1917 ж. соғыс қимылдары. Ресейдің соғыстан шығуы. Соғысқа АҚШ кірісуі. Соғысушы елдерде әлеуметтік-экономикалық және саяси қайшылықтардың шиеленісуі. Соғыстың соңғы кезеңі. Үштік одақтың жеңілуі. Компьен уақытша бітімі. Соғыстың зардаптары.

әдебиеттер:

1. Новая история стран Европы и Америки: В 2-х кн./Под ред. Е.Е.Юровской и И.М.Кривогуза. М., 1997.
2. Новая история стран Европы и Америки: Учеб. для вузов/Под ред. И.М.Кривогуза. 2-е изд., перераб. и доп. М., 2002
3. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
4. Григорьева И.В. Новая история стран Европы и Америки. Начало 1870 - х годов - 1918 г. Учебник, МГУ,2001
5. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.

МОДУЛЬ II ЕУРОПА ЖӘНЕ АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

Дәріс № 8.

Тақырып: Соғыстан кейінгі алғашқы жылдардағы Батыс мемлекеттердегі экономикалық және саяси дағдарыс.

8 апта, 2 сағат

Мақсат: бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезеңдегі Батыс елдерінің экономикалық және саяси дамуын талдау, олардың дағдарыстық жағдайын ашып көрсету.

Тірек сөздер: Ұлттар Лигасы, Версаль-Вашингтон жүйесі, либералдық-консерваторлық

билік, экономикалық дағдарысты жеңу жолдары мен модернизация.

Батыстың алдыңғы қатарлы елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының ортақ сипаты. Соғыстан кейінгі экономиканы қалпына келтіру. Экономикалық дамудың тұрақтануы. Модернизацияның жаңа кезеңі. Өндіріс пен капиталдың шоғырлануының күшеюі. Циклдық және құрылымдық дағдарыстар, олардың ортақ белгілері мен ерекшеліктері. Париж бейбіт конференциясы. Ж. Клемансо. В. Вильсон. Д. Ллойд Джордж. В. Вильсонның «14 пункті». Ұлттар Лигасының құрылуы. Мандаттық жүйе. Германия және оның одақтастарымен жасалатын бітім жобаларын талқылау. Бітім шарттарының Версальдық жүйесі. Еуропадағы соғыстан кейінгі шекараларды белгілеу.

Азия-Тынық мұхит аймағындағы соғыстан кейінгі реттеулер. Вашингтон конференциясы. Төрт мемлекеттің аралдық иеліктері туралы келісімі. Бес держава келісімі. Қытай мәселесі. Тоғыз держава келісімі. Версаль-Вашингтон жүйесі: мәні және қайшылықтары.

Германияның соғыстың соңғы жылындағы экономикалық және саяси жағдайы. Жұмысшы қозғалысы. ГСДП. ГТСДП. «Спартак» тобы. 1918-1919 жж. революция. Революцияны кезеңдерге бөлу. Халық өкілдері Кеңесінің құрылуы және оның саясаты. 1919 жылғы қаңтар оқиғалары. К. Либкнехт пен Р. Люксембургтің өлтірілуі. Бавар Кеңестік Республикасы және оның күйреуі. Ұлттық жиналыс. Веймар конституциясы.

Францияның бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі экономикалық және саяси дамуы. Ж. Клемансо. Париж бітім конференциясының қорытындылары. Францияның халықаралық жағдайының нығаюы. 1919 ж. парламенттік сайлау. Ұлттық одақтың жеңісі. Ұлттық одақ үкіметінің ішкі саясаты және әлеуметтік заңдары.

Ұлыбританияның соғыстан кейінгі әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. 1918 ж. парламенттік сайлау. Либералдық-консервативтік одақтың құрылуы. Д. Ллойд-Джордж үкіметінің реформалары. Британ империясы отарлары мен доминиондарындағы ұлт-азаттық күрес. Ирландия мәселесі. Коалициялық үкіметтің таратылуы.

әдебиеттер:

1. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – Алматы, 2003.
2. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945).. – Алматы, 2003.
3. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
4. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
5. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки. 1945-90 / Под ред. Е.Ф.Язькова. - М., 1993.

Дәріс № 9.

Тақырып: XX ғ. 20 жж Батыс елдерінің дамуының тұрақтану кезеңі.

10 апта, 2 сағат

Мақсат:

Тірек сөздер:

Тұрақтану кезеңі. Батыс елдерінің экономикалық дамуы.

Герман экономикасының тұрақтануы және оның ерекшеліктері. Капиталистік рационализация. Мемлекеттік реттеу нышандары. Дауэс жоспары. Локарно конференциясы. Германияның Ұлттар Лигасына кіруі.

Франциядағы экономиканың тұрақтануының ерекшеліктері. 1924 ж. сайлау. «Солшыл одақ» үкіметі. Э. Эррио. Қаржылық дағдарыс. Солшыл одақтың құлауы. «Ұлттық

бірлесу» үкіметі. Р. Пуанкаре.

Ұлыбританиядағы екіпартиялы жүйенің дағдарысы. Бірінші лейбористік үкімет. Ағылшын экономикасы тұрақтануының ерекшеліктері. Консерваторлардың билікке қайта оралуы. 1926 жылғы жаппай ереуіл. Әлеуметтік ымырашылдық жолдарын іздеу. Мондизм.

АҚШ-тағы 1920 ж. президенттік сайлау. Республикандардың билік басына келуі. Демократиялық партияның жеңілу себептері. «Просперити» кезеңіндегі АҚШ экономикалық және саяси дамуы. У. Гардинг. «Қатаң индивидуализм». Екіпартиялы жүйенің дамуы. 1924 ж. сайлау және республикандық әкімшіліктің нығаюы. К. Кулидж. 1928 ж. сайлау. Г. Гувер. «Әлеуметтік әріптестік» саясаты.

әдебиеттер:

1. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – Алматы, 2003.
2. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945).. – Алматы, 2003.
3. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
4. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
5. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки. 1945-90 / Под ред. Е.Ф.Язькова. - М., 1993.
7. История стран Центральной и Юго-Восточной Европы XX в. / Под ред. А.В.Фадеева. - М., 1997.
8. Новейшая история стран Европы и Америки. 1939-1986. - М.,1988.

Дәріс № 10.

Тақырып: 1929-1933 жж. әлемдік экономикалық дағдарыс және оның Батыстың ірі мемлекеттеріндегі әлеуметтік-саяси салдарлары

11 апта, 2 сағат

Мақсат:

Тірек сөздер: әлемдік экономикалық дағдарыс, репарация мәселесі, фашистік билік, социал-демократиялық партиялар, лейбористік партия.

1929-1933 ж. әлемдік экономикалық дағдарыс: себептері мен барысы. Германиядағы экономикалық дағдарыстың ерекшеліктері. Юнг жоспары. Елде әлеуметтік шиеленістің күшеюі. Жұмыссыздықтың өсуі. Брюнинг үкіметінің саясаты. Орташа топтардың күйзеліске ұшырауы. Фашистік қауіптің күшеюі. НСДАП саясаты мен тактикасындағы өзгерістер. ГКП сектанттық саясаты. Веймар республикасының партиялық-саяси жүйесінің дағдарысы.

Фашистердің өкімет басына келуі. Көппартиялық жүйенің жойылуы. Тоталитарлық режимнің орнауы. Жаппай жазалау. Нацистік диктатураның әлеуметтік-экономикалық саясаты. Мемлекеттік-әкімшілік құрылымды қайта құру. Г. Гиммлер және «СС империясы». Й. Геббельс және нацистік үгіт-насихат. Германия экономикасын дамытудың төртжылдық жоспарлары. Фашистердің нәсілшілдік саясаты.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыс және оның Франциядағы зардаптары. Саяси күрестің шиеленісуі. Үкіметтің дағдарыспен күресу саясаты. Дирижизм. Екінші «солшыл одақтың» құрылуы. Фашистік қозғалыс. 1934 ж. ақпан оқиғалары.

1929-1933 жж. дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың Ұлыбританияның дамуына әсері. 1929 ж. сайлау және лейбористік партияның жеңісі. «Лейборизм және ұлт» бағдарламасы. Лейбористердің үкіметіндегі және партиясындағы дағдарыс. Р. Макдональдтың «Ұлттық үкіметі». Дағдарыстан шығу жолдарын іздеу. Д.М. Кейнс

және мемлекеттік реттеу теориясы. Ұлттық үкіметтің реформалары.

Дүниежүзілік экономикалық дағдарыстың Америка Құрама Штаттарына әсері. Г. Гувер әкімшілігінің дағдарысқа қарсы бағдарламасы. 1932 жылғы президенттік сайлау және демократтардың жеңісі. Кейнсиандық ілім және Ф.Д. Рузвельттің «жаңа бағыты». Этатизм. «Жаңа бағыт» саясатын жүргізудің кезеңдері. Қаржы жүйесін сауықтыру, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы саласындағы саясат. Вагнер заңы.

әдебиеттер:

1. Көкебаева Г.К. Халықаралық қатынастар тарихы: Хрестоматия. I-бөлім. – Алматы, 1997.
2. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – Алматы, 2003.
3. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945).. – Алматы, 2003.
4. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
5. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.

Дәріс № 11.

Тақырып: Соғыстан кейінгі қалпына келтіру мен тұрақтылық кезеңіндегі Батыс Еуропа мен Америка елдері.

12 апта, 2 сағат

Мақсат: капитализмді тұрақтандыру кезеңіндегі Батыс Еуропа және Американың жетекші мемлекеттерінің дамуын талдау.

Тірек сөздер: постиндустриалдық қоғам, ғылыми-техникалық революция, «қырғи-қабақ соғыс» т.б.

Екінші дүниежүзілік соғыстың қорытындылары. Маршалл жоспары және оның соғыстан кейінгі Еуропа экономикасын қалпына келтірудегі рөлі. Батыс елдері экономикасының XX ғ. екінші жартысындағы дамуының ерекшеліктері. Батыс экономикасының даму динамикасы. Экономикадағы құрылымдық дағдарыстар. Постиндустриалдық қоғамның қалыптасуы және дамуы. Мемлекеттік реттеу жүйесінің дамуы. Монетаризм теориясы. Әлемдік экономика және ГТР. Бреттон-Вуд валюталық-қаржылық жүйесі. Ғылыми-техникалық революция жағдайындағы Батыс қоғамының өндіргіш күштерінің өзгерісі. Өндірісті кешенді түрде механикаландыру және автоматтандыру. XX ғ.аяғы–XXI ғ.басындағы Батыс экономикасының дамуы. Компьютерлік техника. Ақпараттық технологиялар.

Батыс қоғамын демократияландыру процесінің тереңдеуі. Негізгі саяси ағымдардың дамуы. XX ғ. соңғы онжылдығындағы коммунизм идеяларының дағдарысы. XX ғ. екінші жартысындағы қоғамдық қозғалыстар. «Жаңа солшылдар». Соғысқа қарсы қозғалыс. Феминизм. Жастар қозғалысы. Лаңкестік мәселесі. Демократиялық мемлекеттің жаңа модельдерін жасау. Әлеуметтік мемлекет. Либералдық-этатистік конституциялық модельдің соғыстан кейінгі жылдардағы дамуы. «Жақсы тұрмыс» мемлекеті.

Соғыстан кейінгі жылдарда еуропалық интеграцияның дамуы. Брюссель пактісі. «Жалпы рынок». ЕСЕА құрылуы. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес. ЕҚЫК қорытынды актісі. ЕҚЫҰ құрылуы.

XX ғ. екінші жартысындағы мәдениеттің дамуының негізгі бағыттары. Бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі. Постмодернизм. Әдебиет пен өнердегі жаңа ағымдар. Бұқаралық және халықтық мәдениет.

әдебиеттер:

1. Көкебаева Г.К. Халықаралық қатынастар тарихы: Хрестоматия. I-бөлім. – Алматы, 1997.

2. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – Алматы, 2003.
3. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945).. – Алматы, 2003.
4. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
5. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.

Дәріс № 12.

Тақырып: 60 жж. – 70 жж. бірінші жартысындағы Батыс мемлекеттері.

12 апта, 2 сағат

Мақсат: XX ғ. 60-70 жж. бірінші жартысындағы Батыс мемлекеттерінің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін талдау.

Тірек сөздер: лейбористік билік, саяси тұрақсыздық, ғылыми-техникалық революция, батысеуропалық интеграция, дамыған социализм.

Ұлыбританияның ҒТР жағдайындағы дамуы. Г. Вильсон үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты. Әлеуметтік және экономикалық реформалар. Қара металлургия кәсіпорындарын национализациялау. Солтүстік Ирландиядағы жағдайдың шиеленісуі. Лейбористердің 60-жылдардың екінші жартысындағы сыртқы саясаты.

Ұлыбританияның 70-жылдардағы экономикалық және саяси дамуы. Э.Хит үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясаты. ЕЭО құрамына кіру. Экономикалық дағдарыс. Лейбористердің «әлеуметтік әріптестік» саясаты. Британдық ұлттар ынтымақтастығының дамуы мәселесі.

Францияның Төртінші республика кезіндегі дамуы. Саяси тұрақсыздық. Отарлық мәселенің шиеленісуі. Алжирдегі соғыс және оның елдегі саяси ахуалға әсері. IV республиканың дағдарысы және құлауы.

1958 ж. конституция және Бесінші республиканың құрылуы. Президент Ш. де Голль кезіндегі Францияның ішкі және сыртқы саясаты. Экономиканы мемлекеттік реттеудің әдістері. ҒТР және экономикадағы құрылымдық өзгерістер. Дирижизм концепциясы. Әлеуметтік мемлекет. Алжир мәселесінің шешілуі. Эвиан келісімі. Сыртқы саясат. Франция және НАТО. Кеңес-француз қатынастары. 1968 ж. оқиғалар. 1969 ж. референдум. Францияның соғыстан кейінгі кезеңде дамуындағы Ш. де Голль мен голлизмнің рөлі. Президент Ж. Помпидудің саясаты. Постголлисттер. Солшыл күштердің шоғырлануы. 1974 ж. сайлау және билік басына центристердің келуі. В. Жискард д'Эстен.

ГФР конституциясы. ГФР партиялық-саяси жүйесі. К. Аденауэр үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясаты. «Әлеуметтік-нарықтық шаруашылық» құруға бағыт алу. Неміс «экономикалық ғажайыбы». ГФР 60-жылдардағы әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуы. Л. Эрхард үкіметінің саясаты. «Үлкен коалиция» және К. Кизингер үкіметі.

ГФР сыртқы саясаты. ГФР және НАТО. ГФР және батысеуропалық интеграцияның дамуы. ЕЭО құрылуы. ГФР басшылығының Батыс Берлин мәселесіне көзқарасы. 1969 ж. сайлау және «кіші коалицияның» жеңісі. В. Брандт үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты. Демократиялық социализм концепциясы және «игілік мемлекетін» құру саясаты. Канцлер В. Брандтың «жаңа шығыстық саясаты». Шығыстағы көрші елдермен қатынастарды реттеу. Г. Шмидт үкіметі. 70-жылдардың ортасындағы дағдарыс және оның зардаптары.

әдебиеттер:

1. Көкебаева Г.К. Халықаралық қатынастар тарихы: Хрестоматия. I-бөлім. – Алматы, 1997.

2. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – Алматы, 2003.
3. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945).. – Алматы, 2003.
4. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
5. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.

Дәріс № 13.

Тақырып: 70 ж. екінші жарт. - 80 жж. Батыс Еуропа мен Солтүстік Америка елдері.

13 апта, 2 сағат

Мақсат: XX ғ. 70-80 жж. Батыс Еуропа мен Солтүстік Америкадағы экономикалық, әлеуметтік дамуы, еуропалық интеграция кезеңдері, рейганомика, социалистік жаңарту.

Тірек сөздер:

АҚШ 60-жылдардың аяғы–70-жылдарда. Р. Никсон және Дж. Форд республикандық әкімшіліктерінің ішкі және сыртқы саясаты. Халықаралық шиеліністі бәсеңдету саясаты. Партиялық-саяси күрестің шиеленісуі.. Уотергейт оқиғасы. Демократтардың сайлаудағы жеңісі. Дж. Картер. Халықаралық шиеліністі бәсеңдету саясатынан бас тарту.

АҚШ-тың 80-жылдардағы дамуы. Р. Рейган және «рейганомика». Неоконсерватизм. Мемлекеттік реттеу жүйесінің жаңа нұсқасы. Экономикалық өрлеу. Дж. Буштың «байсалды бағыты». Ұлыбританияның 70-жылдардағы экономикалық және саяси дамуы. Э.Хит үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясаты. ЕЭО құрамына кіру. Экономикалық дағдарыс. Лейбористердің «әлеуметтік әріптестік» саясаты. Британдық ұлттар ынтымақтастығының дамуы мәселесі. Ұлыбритания 80-90-жылдарда. 1979 ж. сайлауда консерваторлардың жеңуі. М. Тэтчер үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясаты. Жекешелендіру.

Президент Ж. Помпидудің саясаты. Постголлистер. Солшыл күштердің шоғырлануы. 1974 ж. сайлау және билік басына центристердің келуі. В. Жискард Эстен. Солшыл күштердің 1981 ж. президенттік және парламенттік сайлаулардағы жеңісі. «Миттеран дәуірі». Елді «социалистік жаңарту» концепциясы. 1981-1984 жж. реформалар. Миттеранизмнің 80-жылдардың ортасындағы даму нышандары. Сыртқы саясат. Еуропалық интеграцияның тереңдеуі. 1986 ж. парламенттік сайлау. Ж. Ширак үкіметінің әлеуметтік-экономикалық саясаты. Неоконсерватизмнің француздық нұсқасы.

әдебиеттер:

1. Көкебаева Г.К. Халықаралық қатынастар тарихы: Хрестоматия. I-бөлім. – Алматы, 1997.
2. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – Алматы, 2003.
3. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945).. – Алматы, 2003.
4. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
5. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.

Дәріс № 14.

Тақырып: XX-XXI ғғ. тоғысындағы Батыстың жетекші мемлекеттері. Еуропалық интеграция.

14 апта, 2 сағат

Мақсат: XX ғ. 90 жж. – XXI ғ. бас. Батыстың жетекші мемлекеттерінің дамуыне талдау және еуропалық интеграцияны қарастыру.

Тірек сөздер: еуропалық интеграция, жаңа әлемдік тәртіп, қоғамдық қозғалыстар, партиялық-саяси жүйедегі өзгерістер.

Соғыстан кейінгі жылдарда еуропалық интеграцияның дамуы. Брюссель пактісі. «Жалпы рынок». ЕСЕА құрылуы. Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес. ЕҚЫК қорытынды актісі. ЕҚЫҰ құрылуы.

Елдің XX ғ. аяғы – XXI ғ. басындағы дамуы. Т.Блэр үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты. Жаңа лейборизм. Конституциялық реформа. Жаңа әлеуметтік қозғалыстар. Ұлыбританияның батысеуропалық интеграциядағы рөлі. Дж. Г. Браун үкіметі. 2010 ж. парламенттік сайлау. «Тербелмелі парламент» ахуалының пайда болуы. Д. Камеронның коалициялық үкіметі.

Ж. Ширактың 1995 ж. президенттік сайлаудағы жеңісі. Францияның қазіргі кездегі саяси партиялары. 1997 ж. парламенттік сайлау және солшыл күштердің жеңісі. Л. Жоспен үкіметінің саясаты. Францияның XX ғ. аяғы – XXI ғ. басындағы дамуы. 2007 ж. президенттік сайлау және Н. Саркозидің жеңісі. 2008 ж. конституциялық реформа. Президенттік институттың өзгерістері. Ф. Фийон үкіметі. Қоғамдық қозғалыстар. Ереуілдер.

ГФР біріккеннен кейінгі дамуы. Партиялық саяси жүйедегі өзгерістер. 1990 ж. бундестаг сайлауы. Шығыс герман жерлерінің әлеуметтік-экономикалық даму мәселесі. Г. Коль үкіметінің 90-жылдардағы ішкі және сыртқы саясаты.

1998 ж. және 2002 ж. бундестаг сайлаулары. Социал-демократтар мен «жасылдар» коалициясының жеңісі. Г. Шредер үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты. ГФР XXI ғ. басындағы дамуы. 2005 ж. төтенше бундестаг сайлауы. ХДО/ХЭО және ГСДП арасында коалициялық келісімнің жасалуы. А. Меркель үкіметінің ішкі және сыртқы саясаты. «Жаңа әлеуметтік нарықтық экономика» идеясының негізделуі.

әдебиеттер:

1. Көкебаева Г.К. Халықаралық қатынастар тарихы: Хрестоматия. I-бөлім. – Алматы, 1997.
2. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – Алматы, 2003.
3. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945).. – Алматы, 2003.
4. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
5. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др.-М.,1989.

Дәріс № 15.

Тақырып: XX-XXI ғ. тоғысындағы Америка елдері.

15 апта, 2 сағат

Мақсат:

Тірек сөздер: екіпартиялық саяси жүйе, кіші дж. Буш әкімшілігі, республикандық билік, демократиялық билік.

АҚШ-тың XX ғ. аяғы – XXI ғ. басындағы дамуы. Президенті Дж. Буштың «жаңа әлемдік тәртіп» жүйесі. Екіпартиялы саяси жүйенің дамуындағы жаңа нышандар. Б. Клинтон әкімшілігінің ішкі саясаты. Ауғанстандағы саясаты.

Кіші-Джордж Буштың республикандық әкімшілігі. 2001 жылғы лаңкестік оқиғалар мен сыртқы саси тұжырымдаманың өзгеріске ұшырауы. Әлемдік экономикалық дағдарыс пен оның себептері.

2008 ж. сайлау және демократтардың билікке келуі. Б. Обаманың ішкі және сыртқы саясаты. Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы. 2012 ж. 9 қарашасындағы Б. Обаманың жеңіске жетуі мен демократиялық биліктің күшеюі.

Латын Америкасы елдерінің XX ғ. аяғы – XXI ғ. басындағы дамуының негізгі бағыттары. Сыртқы қарыздың өсуі. Коррупция. Солшыл лаңкестік.

XX ғ. аяғы – XXI ғ. басындағы халықаралық қатынастар. Көпполюсті әлемнің қалыптасуы. БҰҰ халықаралық қатынастар жүйесінің өзгерісі жағдайындағы қызметі. Халықаралық лаңкестік мәселесі.

Америка құрлығындағы интеграциялық механизмдер. КАРИКОМ мен басқа да аймақтық ұйымдар.

әдебиеттер:

1. Көкебаева Г.К. Халықаралық қатынастар тарихы: Хрестоматия. I-бөлім. – Алматы, 1997.
2. Көкебаева Г.К. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945 жж.). – Алматы, 2003.
3. Мәшімбаев С.М. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918-1945).. – Алматы, 2003.
4. Новая и новейшая история стран Европы и Америки .Ч.1 Под ред М.В Пономарева М.В. Мет.пособие для вузов. 2000.
5. Хрестоматия по новейшей истории. - В 3 т. - Т.3. (1945-1961). - М.,1961.
6. История новейшего времени стран Европы и Америки: 1918-1945 гг. /Л. С. Белоусов, И. В. Григорьева, В. П. Смирнов и др. -М.,1989.